

## ЕРЕКШЕ ОҚЫТУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРҒА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Нұржан Қарақат Тлеужанқызы

[Karakat.nurzhan@bk.ru](mailto:Karakat.nurzhan@bk.ru)

Психология ІР білім бағдарламасының 2-курс студенті  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау,  
Қазақстан Ғылыми жетекшісі, магистр - Карабаева Н.Б.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға (ЕБҚБ) цифрлық технологияларды қолдану

- оқу процесін жекелендіру, қолжетімділікті арттыру және танымдық қабілеттерін дамытудың тиімді құралы [1]. Арнайы қосымшалар, мультимедиалық ресурстар және интерактивті платформалар балалардың ерекшеліктеріне сай білім алуына, шығармашылығын ашуына және әлеуметтенуіне мүмкіндік береді [2].

Ерекше балалармен жұмыста цифрлық технологиялардың рөлі мен түрлері: Арнайы білім беру қосымшалары: Есту, көру немесе қозғалыс мүмкіндігі шектеулі балаларға бейімделген ойындар мен бағдарламалар олардың қабылдау деңгейін арттырады. Мультимедиалық ресурстар: Визуалды және дыбыстық материалдарды қолдану оқу материалын жеңіл түсінуге көмектеседі.

Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда цифрлы технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабының

9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, цифрлы технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [3].

Қазіргі кезде интернет, мобильді байланыс көздері, белсенді тақта, цифрлы технологиялар сияқты жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен пайдаланылуда. Психологтар В. Давыдов, В.Рубцов жаңа ақпараттық технология адамның жас ерекшелігінің даму аспектісін ескере отырып, компьютерлік оқыту бағдарламасының әр түрлі формалық мазмұнында адамның жас ерекшелігіне сәйкес келуі керек деген. Студенттерді технологиялық прогрестің барлық жаңалықтары өте қызықтырып отырады. Сондықтан да тұлғаны дамыту мақсатында білім алушылардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін пайдалану өте маңызды рөл атқарады [4].

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технологиялық бағытты дамыту мақсатымен атауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас ұрпаққа мән – мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы екені бәрімізге белгілі. Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой – өрісінің кеңеюі балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың танымдық қабілеттерін жетілдіру мақсатында, олардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып түзете дамыту сабақтары өткізіледі. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың бойындағы кемшіліктерді түзету, жан- жақты жүргізілетін оқу - тәрбие жұмысының нәтижесінде оқушыларды қоғамдық өмірге бейімдеу, сонымен қатар зейінін қалыптастыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін және тілдерін дамыту, яғни танымдық қызметін дамытуда оқытушылар және арнайы маман иелері (дефектолог, логопед, психолог

т.б) түрлі заманауи технологияларды қолданып келеді. [5].

Цифрлық білім беру ресурстары ( ЦБР) білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компоненттерінің бірі болып табылады. Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде ЦБР белсенді қолдану, бүгінгі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қоғамдастықтың алдында өзекті мәселелердің бірі болып табылады. [6].

Цифрлық трансформациялау идеясын әлемдік тренд деуге болады. Цифрлық технологиялар көптеген елдердің экономикасын дамытуда маңызды рөлге ие. ХХІ ғасыр – ақпараттандыру ғасыры екені белгілі. Ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету болашақ педагогтерге шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі білім алушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. [7].

ХХІ ғасыр – әлем дамуының жаңа ғасыры, технологиялар мен тың жаңалықтардың, білім мен ғылымның заманы. Уақыт өте заман қарқынды дамуда. Соған орай әр күн өзгерістерге, жаңа бір тың ақпараттар мен жаңалықтарға толы. Қазіргі кезең озық идеяларды, тың шешімдерді, үлкен еңбек пен білімнің мол қорын қажет етеді. Қазіргі кезең – білімділердің кезеңі. Сол үшін де заман ағымынан қалмау, ашылып жатқан жаңалықтарға ілесу, жаңа заман көшбасшыларының қатарынан болу, бәсекеге қабілетті болу үлкен білімді талап етеді. Бүгінгі күнде басты назарда тұрған мәселе – ол білімді, ой өрісі кең, жан-жақты тұлғаларды дамыту. Себебі тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ. Осы орайда ұққаным- болашақ педагогтердің жауапкершілігі зор. Ол білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, білім

сапасын арттыруды көздеуі тиіс. Бұл көп ізденісті, жаңа технологияларды пайдалану шеберлігі мен жаңашылдықтың болуын талап етеді. Қазіргі цифрлық даму кезеңінде цифрлық ресурстарды пайдалану қажеттілігі де осыдан келіп туындайды. Кез келген сабақ өз мақсатына толық жету үшін оған белгілі бір әдіс-тәсілдерді таңдап, саралап қолдану керектігін практикадан өту барысында ұқтым. Сабақ мақсатына жетуі үшін ең алдымен тиімді әрі дұрыс жоспарланып, сол жоспарға сай ұтымды әдіс-тәсілдердің, ресурстардың таңдалғаны жөн. Әсіресе қазіргі жаңа инновациялық технологиялар кезеңінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділігі зор. Цифрлық білім беру ресурстары арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушылардың жаңашыл ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итермелейді. Практикадан өткен кездегі тәжірибемде көптеген цифрлық технолгияларды пайдаланамын. Атап айтсам, learning apps, quizizz, kahoot, classMarker, canva, animoto, animaker, padlet және т.б. Learning apps, quizizz, kahoot, class Marker сервистері – интерактивті оқу-әдістемелік қосымшалар жасауға, кері байланыс алуға мүмкіндік беретін тиімді сервистер. Ал canva, animoto, animaker платформаларын сабақты түсіндіруді, сабақты өткізуді тиімді әрі қызықты етіп ұйымдастыру үшін қолдандым. Осылардың ішінде тиімділігі зор– «word wall» ресурсы. Ол интерактивті модульдердің көмегімен оқыту және оқыту процесін қолдауды, модульдерді жылдам құру мен өзгертуді, тапсырмалар базасын жинақтап, қолжетімді етуді қамтамасыз етеді. Бұл сервисте тапсырмаларды орындатудың, ұйымдастырудың сан алуан түрлері мен жолдары бар. Онда тест, салыстыру, жұбын табу, бос орындарды толтыру, мәтін енгізу, хронологиялық кесте, жіктеу, топтастыру тапсырмалары бар. Сонымен қоса ол арқылы суреттермен жұмыс жасатып, оқушылардың қызығушылығын оятатын, сабақта сергітетін тапсырмаларды да құрастыруға болады. Бұдан бөлек

викториналық сұрақтар, пазл, аудио/видео контент, сөзжұмбақ т.б. модульдерін ұсынады. Болашақ педагогтің міндеті – осылардың арасынан қайсысын қай тапсырмаға қолдану тиімді екенін саралап алып, берілген тапсырманы орындауда ұтымды әрі тиімді болатынын алу. Цифрлық білім беру ресурсындағы «бос орындарды толықтыру» модулін қолдану ұтымды. Білім алушыларға қосымшаларды түсіндіргеннен кейін практикалық жұмыс ретінде алуымызға болады. Білім алушылар осы модульдің көмегімен бос тұрған орындарға интербелсенді тақта арқылы қажетті қосымшаларды қойып жазады. Ең басты тиімділігі әр модульде тапсырманың шарты жазылып, оқушылар барлық тапсырмалардан соң қанша қате жібергенін, қайсысы дұрыс емес екенін біліп, кері байланыс жасай алады. [8].

Білім беру үдерісін ақпараттандырудың негізі тек техникалық жағынан ғана емес, сонымен қатар шығармашылықты да талап етеді. Сабақ барысында көмекші болатын презентациялар, бейнероликтер тағы басқа да материалдар сапалы дизайнды, заманауи графикалық дизайнның ерекшеліктерін түсінуді қажет етеді. Сабақта бір сарынды презентациялар мен бейнематериалдарды көрсете беру білім алушының қызығушылығын төмендетіп, ынтасын түсіреді. Сондықтан сабақта *canva*, *animoto*, *animaker* сияқты цифрлық ресурстарды қолданудың пайдасы зор. Жаңа тақырыпты түсіндіруде де, түсіндіріп болған соң кері байланыс алуда да «*canva*» платформасын пайдалану ұтымды болады. Ондағы әр санат, мысалы, «жаттығу парағы» немесе «диаграмма» ондаған тақырыптық үлгілерден тұрады. Тиімділігі де осыдан көрінеді. Қазіргі қарыштап дамып келе жатқан цифрлық заманда біздің басты мақсатымыз ақпараттық -коммуникациялық технологияны жетік меңгеру және меңгерту. Ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдану болашақ педагогке де білім алушыға да қолайлы. Сол кезде ғана сабақта теория мен практиканы ұштастыра аламыз. Тәжірибелік жұмыс жасау барысында бала теориялық білімін шыңдайды. Кез келген пәнінде ақпараттық- коммуникациялық технологияны жүйелі қолдану - пәнді оқытуда дүниенің заңдарын терең меңгертіп қана қоймайды, оның логикалық ойын дамытып, эмоциясына, сезіміне қозғау салады. Білім алушы ешкімнің көмегінен өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға тырысып, дағдыланады.

Тәуелсіз мемлекетіміздің басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан – жақты дамыған, рухани бай ұрпақтың алатын орны ерекше.

Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша ақпараттық - коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану тиімділігі артып отыр. Білім алушылардың сабаққа белсенді қатысуы, сабақты түсінуі олардың сол сабаққа деген ынтасын, қызығушылығын арттырумен тығыз байланыста. Түрлі әдіс-тәсілдер мен ресурстарды қолданып, сабаққа деген назарын аударып алу маңызды. Егер білім алушыға үшін сабақ қызықсыз әрі түсінуге қиындық туғызса, тақырыпты түсінуі де, тақырыпқа енуі де қиын болады. Осы үшін педагогке жаңашылдық, шығармашылық ізденіс пен жаңа технологияларды меңгеру шеберлігі қажет. Ол түрлі сипаттағы жаңа цифрлық білім беру ресурстарын ұтымды пайдалана алуы керек. Сондай сипаттағы қолдануға болатын және өзін де жиі қолданатын, зерделеп жүрген ресурс – *animaker*. Ол бейнені анимациялық сипатта жасап, оқушылардың назарын бірден аударады. Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, грамматикалық жаңа ережені өткенде осы ресурс арқылы жаңа анимациялық бейнені жасап, сол бейне арқылы түсіндіру өте тиімді.

Қорыта келгенде, цифрлық білім беру ресурсы біздерге болашақ педагогтерге қосымша материалдар ұсынып, сабақты шығармашылық бағытта жүргізуге жағдай жасайды. Тапсырманы тиімді ұйымдастырып, оқу мақсатына

жетуге мүмкіндік береді. Сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерімен толықтыруға, назарын аударуға, ақпараттарды көрнекі түрде көрсетуге бағыттайды.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Сондықтан қазіргі цифрлық білім беру – заманауи оқыту кілті деп есептеймін. [9].

### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: [Электрондық ресурс] <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> (қаралым уақыты 02.10.2022)

2. Семаго Н.Я. и др. Инклюзивное образование как первый этап на пути к включающему обществу // Психологическая наука и образование. – 2011. – Т. 16. – №. 1. – С. 51-59.

3. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы (09.04.2016ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) [Электрондық ресурс] // <http://online.zakon.kz/> (қаралым уақыты 02.09.2022)

4. Мовкебаева З.А., Денисова З. А., Оралканова И. А., Жакупова Д. С. Методические рекомендации по подготовке педагогов к внедрению инклюзивного образования. - Алматы: ИП «Сагаутдинова М.Ш.», 2013. - 165 с.

5. Лебедев А. А. Инклюзивное образование в России: история развития, передовой отечественный и зарубежный опыт, стратегия становления в условиях пандемии // Образование и наука в России: состояние и потенциал развития. – 2020. – №. 5. – С. 147-192.

6. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсаринатындағы ҰБА, 2022. – 320 б.

7. Voltz D. L. What matters most in inclusive education: A practical guide for moving forward // Intervention in School and Clinic. - 2001. - Vol. 37. - №1.- P. 23- 3, [Электрондық ресурс]: DOI:10.1177/105345120103700105 (қаралым уақыты 02.11.2022)

8. Ryndak D. L. Defining school inclusion for students with moderate to severedisabilities: What do experts say? // Exceptionality. - 2000. - Vol. 8.-№2. - P. 101 – 116 [Электрондық ресурс]: [https://doi.org/10.1207/S15327035\\_EX0802\\_2](https://doi.org/10.1207/S15327035_EX0802_2) (қаралым уақыты 02.11.2022)

9. Bakke Thomas W. Existing and Emerging Technologies in Education. MonographSeries. - NewYork, 2014. – 101

10. Мовкебаева З. А., Оралканова И. А. Анализ состояния готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования // Успехи современного естествознания. – 2014. – №. 12-5. – С. 629-634.

11. Aдаева N. A. The value of inclusive education and its development in kazakhstan // Bulletin of KazEU.– 2016.- No. 1. – pp. 18-26

12. Campa-Álvarez, R.D.L.Á., Valenzuela, B.A., Guillén-Lúgigo, M. Teaching

practices and inclusive culture for vulnerable primary school groups in Sonora, Mexico, *Revista Latinoamericana de Ciencias Sociales, Niñez y Juventud*, (2020), 18 (2), pp. 1-17. [Электрондық ресурс]: DOI: 10.11600/1692715X.18211(қаралым уақыты 02.11.2022)

ВЕСТНИК КазНПУ им. Абая, серия

«Физико-математические науки», №4(80), 2022 г. 235

13. Vigo Arrazola, B., Bozalongo, J.S. Teaching practices and teachers' perceptions of group creative practices in inclusive rural schools (2014) *Ethnography and Education*, 9 (3), pp. 253-269. [Электрондық ресурс]: DOI: 10.1080/17457823.2014.881721 (қаралым уақыты 02.11.2022)

14. Oralbekova A. et al. Teachers' readiness to use ICT in the conditions of inclusive education //E3S Web of Conferences. – EDP Sciences, 2021. – Т. 258. – С.7-21.

15. EADSNE (2013), *Information and Communication Technology for Inclusion – Developments and Opportunities for European Countries*, European Agency for Development in Special Needs Education, Odense, Denmark [Электрондық ресурс]: <http://www.european-agency.org/country-information> (қаралым уақыты 02.11.2022)